

егемен

Ақпарат

Көңіл әлдиіндегі Әзағаң

(Күнделік беттерінен)



14.02.2007.

Бүгін ұмытылмас күн! Оқырмандарыммен кездескен күнім. Бұл өтініш Астанадағы №51 қазақ орта мектебінің 9 «Б» сыныбы ата-аналарының атынан түскен еді. Әңгіме тақырыбына менің «Махаббат жыршысы» кітабым арқау болуға тиісті екен.

Дәл төрдегі «Ербол мен Меңтайсыз – бұл махаббат баянсыз!» деген айшықты жазу көзіме шалынды. Бойым қызынып кетті... Есіме Әзағаң түсті...

...Үйге келген соң Әзағаңмен хабарластым. «Бүгін құлағыңыз шулаған шығар» десем, «Иә, шулағандай болды» дейді, Әзағаң әзілмен. Мен оқырмандарыммен кездескенімді айттым.

– Өте дұрыс жасағансың! – деді Әзаға. – Кездескен деген жақсы. Желпініп жүресің. Көңіл өсіп жүреді. Мен қазір кездесуге бұрынғыдан да ынтығып баратын болдым. Кездесу – оқырмандарыңды да, өзінді де өмірге ғашық ете түсетін бірден-бір әсері күшті рухани ықпал. Қайсар, саған айтар ақылы кездесулерден қаша көрме!
– Құп болады, Әзаға!

17.06.2007.

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Бекет Тұрғараевтың 60 жасқа толу тойы Астананың салтанат сарайында өтті. Алматыдан Әзағаң келіп қатысты. Он томдық таңдамалы шығармалар жинағын «Қазығұрт» баспасынан шығаруға демеушілік жасаған Бекет інісінің тойында Әзағаң келістіріп сөз сөйледі.

Келесі күні Әзағаң біздің үйдің құрметті қонағы болды. Төріміздегі отырысы қандай! Өз мейманды қаумаласып жайғасқандар: жазушы-аудармашы Кеңес Юсуп, журналист-жазушы Әділ Дүйсенбек, ақындар Серік Тұрғынбеков пен Қонысбай Әбіл, «Фолиант» баспасының директоры Нұрлан Исабеков – зайыптарымен. Әбу құдамда болды.

Тағылымды отырыс есте қаларлықтай еді. Бәрі де кең жайлауда жайғасқандай арқа-жарқа болысты. Әзіл-қалжың, қағытпа сөздер... Ән кетті әуелеп...

...Әзағаң Халимасын аракідік еске түсіргенде, көзінен мөлтілдеп жас келеді. «Махаббат жас талғамайды» дегеннің сырына тереңірек бойлай түскендейміз.

... Әзағаңның батасы ұзақ әрі мағыналы екен!

03.08.2007.

Баспагер Нұрлан Исабеков екеуіміз Өз ағанды қыдырттық. Қала сыртындағы Қабанбай батыр бабасының басына апардық. Тәуеттік. Шаһар ішінде жуырда (05.06.2007) ашылған Бөгенбай батыр ескерткішін көрсеттік. Әзағаң «Фолиант» баспасының ұжымымен кездесу өткізді. Бетінен Гүлжаһан мен Раушан сүйіп алып еді, разы болып «Мәңгілік махаббат жыры» кітабын сыйлады.

... «Бәйтерек» қасында Әзағаң менің немерелеріммен, келіндеріммен, балаларыммен, өзінің немересі Әлиямен суретке түсті.

... Сөйтіп тамыз басы біздің отбасымыз үшін берекелі де мерекелі болды. Бурабайдың сұлулығына тәнті боп оралған Әзағаңды мейрамханаға шақырып, Әсем немеремізге батасын алдым!

15.02.2008.

«Махаббат. Отансүйгіштік!» Бұл бейнелі нақышты сөз 85 жасқа толу (2007 жылдың 15 желтоқсанында толған) мерейтойын бүкіл халқы мейірленіп атап, марқайып қалып жатқан осы кезекті бір әсерлі шақта – оңтүстік астана жұртшылығымен ыстық кездесу алдында қадірменді жазушы Әзілхан Нұршайықовтың өз аузынан шыққан еді. Себебі, өзгесін былай қойғанда, «Махаббат, қызық мол жылдар» мен «Ақиқат пен аңыз» романдары ғана әр жүрекке махаббат пен отансүйгіштік пәк сезімдерді ұялататынын айтып жатудың өзі артық секілді.

Қазақ өнерінің қара шаңырағында ине шаншар орын болмағанын көрдік. Алатаудай ақ басты зиялылармен қатар студенттер, «ұландық» жауынгерлер, тіпті, өзге ұлт өкілдері де молынан көрінеді. Бәрін бір тылсым сезім шырмап тастағандай. Ол – кітап құдіреті, оқуға деген ынтызарлықтың белгісі еді. Ол – қазақ елінің кітап оқуға деген ыстық ықыласы еді.

...Кездесуде біраз тұлғалар жүрекжарды лебіз білдірді. Мәселен, халық жазушысы Қ.Жұмаділов: «Әзілхан аға біздерге олжа адамдар, соғыс олжасы», деді.

...Бұл жолы Әзағанды жақынырақ, тереңірек тани түскендей болдым. Сол салмақты, маңғаз қалпы. Сахнада да көбіне тікесінен тік тұрып өзіне арналған ілтипатты лебіздерді қабылдаудан жалықпаған Әзаға мейрамханада да әр тілекті солдатша қаздыып елгезектікпен тыңдаудан жаңылған жоқ.

Жалпы, Әзағанды ұлықтандырып тұрған оның өте қарапайым, көпшіл, кішілік, аса кісілік мінезі екеніне тағы бір көзім жетті.

29.05.2008.

Астанадан Алматыға келген күні Жазушылар одағы дайындап қойған қонақ үйде сәлтыныстап алып, Әзаға (Нұршайықов) телефон шалып, қашан кіріп шығуға мүмкіндік болатынын сұрадым. Түскі кезеңге уағдаластық.

Үйде жалғыз екен. Кабинетіне бастады. Төрт бөлмелі үйдің ең үлкенін – жазу отауына ыңғайлап алған екен. Төрт қабырға кітаппен жабылған. Тек кірер есік пен балкон оймасы жалаңаш. Жәшік үстінде әралуан портреттер қойылған. Бөлме ортасында үлкен үстел. Оған жанамалап тағы біреуі қосақталған. Екеуінің үстітолған жазу-сызу техникалық құралдары: компьютер, факс, телефон, т.б. Пәпкіге салынған қолжазбалар, кітап бумалары диван үстінде үйме болып жатыр. Осы «таудың» арасында Әзаға өзін жоғалтып алмай қалай жүр екен деп таң қаласың еріксіз.

Кабинетте Әзаға екеуіміз бір-бірімізді суретке басып алдық әлденеше рет.

Жатын бөлмеге әкелді. Телевизор, киім жәшігі, қос төсектік кереует. Оның үстінде газеттер жайрап жатыр. Ортасындағы көзілдірік бейне бір Әзағанды газет оқып шалқасынан жатқандай елестетеді.

Есіктің кіреберіс оң жағында ені 1,5 метрлік, ұзындығы төбеге сәл тірелмей тұрған темір жәшік орналасқан.

– Міне, мұнда менің блокнот-жазбаларым, сурет негативтері, түрлі құжаттарым сақталады, – деп Әзаға жәшіктің кілтін сылдырлатып ашып қалғанда, көзіме алуан жиһаз оттай басылғандай болды... Шырт еткізіп сол көріністі түсіріп алдым.

22-24.12.2009.

«Егемен Қазақстан» газетінің шыға бастағанына – 90 жыл толуына арналған үш күндік салтанатты шараларға Алматыдан арнайы келіп Әзілхан Нұршайықов та қатысты. 87 жастағы қарт жазушы, тып-тың, елгезек, жылы жымыспен маңайын нұрландырып жүр. Жол бастаушы етіп, қасына мені бөліп қойған еді. Екеуіміз егіздей қосарланып, бір елі ажырамаймыз.

23 желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясында болатыны күнібұрын белгілі еді. Ол кісіні қарсы алу мезетінде сөз сөйлеу Әзаға жүктелгенін. «Данияр» қонақ үйінде алдын ала жазып қойған сол сөзін пысықтап оқудан жалықпайды. Маған

тыңдатады. «Не дейсің?» дегендей, басын көтеріп, иегін қағады. «Жақсы екен!» деймін ізетпен.

27.06.2010.

Дос-ағам Ә.Нұршайықовпен сөйлестім. Телефоннан дауысы жарқын шықты. «Шалдарша жүріп жатырмын» – дейді лекіте күліп. «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан «Замандасқа хат» мақаласына орай Елбасы Н.Ә.Назарбаев телефонмен хабарласыпты. Ризалығын білдіріпті.

Үкімет басшысы К.Мәсімовке хат жазып, «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабының жарық көргеніне 40 жыл толуына орай республикалық деңгейде іс-шара өткізудің жай-жапсарын мәлімдепті.

22-24.09.2010.

Осы кезеңде Тараз қаласындағы Халық батыры Б.Момышұлының туғанына 100 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференция өткен еді. Соның жайын Ә.Нұршайықов телефонмен хабардар етті. Батырдың келіні Зейнеп былай депті. «Сіз төралқада отырдыңыз ғой. Бір сәт көзім сізге түсіп кеткенде, өне бойым шымырлап жүре берді. Ақ көбелектер сіздің басыңызға қонып, ұша жөнеліп, қайыра жыпырлай үймелейді. Кенет басыңыз аппақ шардай боп, іле жер бетіндегі алып баққа айналып, төбеңізбен күнді көтеріп тұрғандай әсерге бөлеттіңіз...» «Қарағым-ау! Бұл нендей түс? Түс деппін ғой. Өңінде көргенің екен» – деп таң қалыпты Әзағаң.

«Сізде бір керемет магиялық күш-қуат бар шығар деймін», деп Зейнеп қарындасы жарасымды жымыиысын тежей алмапты.

07.02.2011.

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов Алматыда Елбасының қолынан стипендия алғалы тұрып, күту залында инсульт болыпты. Сөйлемек сөзі қалтасында қалған...

09.02.2011.

Немересі Әлиямен сөйлестім. Ауыр соғыпты, 6 айдай жатуы мүмкін дейді.

С.Досанов хабарласты. Әзағаң кірпігін әрең қағып жатқанда: «Алдағы 90 жылдығыңызға баяндаманы өзім жасаймын!» депті.

10.02.2011.

Әзағаңа жақын іні боп келетін, Астанадағы жазушы Кеңес Юсупқа хабарластым. Қатты қайғырды. С.Досановпен сөйлесіп, Әзағаңның хал-жайын сұрастырдым. Көңіл тұшытатын ештеңе айта алмады. Халі өте ауыр болса керек.

11.02.2011.

С.Досановпен сөйлесіп едім, Әзағаң денсаулығында ілгерушілік жоқ секілді. «Қиын, қиын!», деді Сәбит шарасыздықпен. Әзағаңның немересі Әлиядан сұрастырып едім, «Кеше бардық, ұйқыда жатыр», деді.

12.02.2011. Сағат 18.20-да Алматыдан қоңырау түсті. Өксік... Телефон үзіліп қалды. Мен дереу жалғастым. Жүрегім бір сұмдықты сезді... Әзағаң жарты сағат бұрын өмірден өтіпті...

Дереу үлкен ұлы Арнұрмен сөйлестім. С.Досановпен хабарластым. Мән-жай белгілі.

Сағат 20.30-да қызы Жаннат шығып, 15 ақпан – сейсенбіде М.Әуезов атындағы драма театрында қоштасу рәсімі болатынын айтты.

05.02.2012.

Ә.Нұршайықовтың өмірден озғанына – жыл толды. Жылына арналған асы Алматының «Есік» мейрамханасында өтті. Асты жүргізу маған жүктелді.

Көп адам жиналды. Біразына сөз берілді. Кезек тимегендері өкпелеп қалды.

Ә.Нұршайықовтың «Естеліктерінің» 2 томдығы, «Әзаға» естеліктер жинағы (құрастырған Н.Қуантай), «Әйгілі Әзаға» (құрастырған М.Тоқтағазы) кітаптары таратылды.

... Астан соң мейрамхана алдынан такси ұстап мінсем, мана сәлдеге оранып құран оқыған түрін көргенмін ғой, азаматтық киімінен жыға тани алмапшын, молданың нақ өзі боп шықты жүргізушім. Мені көріп тоқтаған ғой. Баратын жеріме апарып тастады. Жолда: «Абайлаңыз!..» – деп - қамқорсып отырды. Бейне бір оның жүрегінен Әзағанның ақ тілегі ақтарылып жатқандай еді... Маған оны құдайым әдейі жолықтырғандай еді...

27.09.2013.

Елордадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстанның халық жазушысына арналған «Әзілхан Нұршайықов және қазақстандық журналистиканың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференция өтті.

18.11.2013.

«Ештен кеш жақсы» деген қазағымның даналығына тағы бір айқын көз жетіп, көңіл сенгендей болды. Аса көрнекті қаламгер Ә.Нұршайықовтың 90 жылдығына арналған салтанатты жиын мерзімі сырғытылғанымен тағылымды өтті.

Қазақ өнерінің қарашаңырағы осы «әкемтеатрда» Әзағанның 85 жасқа толу мерейтойы мәңгілік махаббатқа бағындырып, Ербол мен Меңтайды сағындырып, Бауыржан батыр ерлігіне табындырып, ел іші оқырмандарын сабылдырып бір демде өткенінің куәсі болған едік.

Кешті қорытындылаған Әзағанның немересі Дина Жаннұрқызы атасының мол деректі мұрағатының халық игілігіне айналуы орайында атқарылып жатқан толымды істер туралы, соның бір парасы –ғаламторда арнайы парақша ашылғанын хабардар етті.

27-30.04.2014.

Алматыда «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық Қазақ творчестволық Бірлестігінің 5 жылдығына арналған 1-ші құрылтайына қатыстым. Бірлестік жұмысына белсене араласқаным және Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығын насихаттауға қосқан үлесім үшін «Әзілхан Нұршайықов» медалінің иегері атандым.

...Кеудеме Әзағанның бейнесі бедерленген медаль тағылды. Беткі бетінде «Әзілхан Нұршайықов» деген жазу бар. Сыртқы бетінде: «Журналистика саласына сіңірген еңбегі үшін» деп жазылған.

...Қайран менің Әзағам! Өзі А.А.Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты ретінде «Фадеев» бейнесін омырауынан тастамай тағып жүретін. Енді менің келіп кеудеме Өзі – «Нұршайықов» орнай қалғанын қарашы!..

03-05.11.2014.

«Бұл үйді енді тарих еншіледі», – деп бастадым жазушы Әзілхан Нұршайықовтың Алматыдағы тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта қойылғандағы салтанатта айтылған сөзімді. – Бұл үйде Әзаған 26 жыл өмір сүріп, еңбек еткен екен.

Бұл үйде жазушының мол мұралы кітапханасын ұрпақтары әспеттеп сақтап отыр. Сол пәтерді «Махаббат маздағы» деп аталатын әдеби мұражайға айналдырса деген оқырмандар тілегін Алматы әкімдігіне жеткізгіміз келеді.

26.05.2016. «Егемен Қазақстан» газетінде «Махаббат мұражайы ашылса» деген мақала (26 желтоқсан 2015) шыққан еді. Ол «Алматы қаласының әкімі Б.Байбек назарына» деген айдармен жарияланған болатын.

27.10.2016. Ауған соғысының ардагері Қ.Пәрімәшов радиодан сөйлеп, Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабын оқ астында оқығанын, бір жолы ұрыста түтеленіп 18 беті ғана қалғанын, соны «сіміріп» жатып жауынгердің опат болғанын әңгімеледі. Кейін осы оқиғаны Әзаға айтқанда жазушы: «Пәлі, сонда менің кітабым да соғысқа қатысқан ба?» – депті таңданып.

31.10.2016. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының кейіпкері есімін алған Ербол әйелі Лима (Әзағанның жары Халимаға ұқсастырған) екеуі қос ұлының атын Ақиқат және Аңыз деп қойыпты («Ақиқат пен аңыз» романының атауына еліктеп).

18.11.2016. Алматыны да қарқалың басыпты. Ұлттық кітапханада Әзағанның мемориалдық кабинеті жақсы жабдықталыпты. Қызыл кергіш жіпті заманымыздың талантты ақыны Ұ.Есдәулетов пен сөз зергері М.Рәш қиып, ішіне кірдік. Әзағанның өз үйіндегі жазу бөлмесінен айнамай қалыпты.

03.03.2017. Әзілхан Нұршайықов ағаммен көп жылғы достық аралас-құраластығымда ол кісіні көзінше мақтаймын деп, бір жолы көңілін пәс етіп алғаным бар еді. Көзге мақтауды ұнатпай кетті. Өзі кеткесін аз-аздап мақтау сөз айтып қоямын. Аспандатып емес, өзінің жер бетіндегі баяғы жауынгерше басатын нық қадамындай апанық, тақұл-тұқыл етіп қана мақтаймын... Несі бар, қандай мақтауға да тұратын Әзағам емес пе!

ӘЛІМ Қайсар